

## **"Қазақгаз" МХК мен "Алаугаз" АҚ газ-көлік жүйелерін концессияға беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 10 шілдедегі N 1094

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның "Трактебель С.А." компаниясын "Қазақгаз" МХК және "Алаугаз" АҚ газ-көлік жүйесін концессияға беру бойынша тендердің жеңімпазы деп белгілеу туралы 1987 жылғы 14 маусымдағы шешіміне келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік

пен активтерді басқару департаменті директорының орынбасары

О.Ә.Әбдікамаловтың "Трактебель С.А." компаниясының концессиясы туралы шартқа және басқа да шарттарға қол қою өкілеттігі расталсын.

3. Министрліктер, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдар осы шарттың жүзеге асуына жәрдем көрсетсін.

4.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен.

P991504\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары